

«Милиция даңқы» мұражайына саяхат

Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қаласы) 1, 4, 6-взвод тағылымдамашылары Қостанай облысының ІІД «Милиция даңқы» мұражайына саяхат жасады.

Бұл іс-шара Ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамының лауазымдарындағы арнайы алғашқы оқыту курсы тағылымдамашыларының білім деңгейін көтеру, тәжірибелік дағдыларын және икемдерін бекіту, олардың Отанды сүю, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, әсемдікке, жауапкершілікке, елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуларына тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Қостанай облысының ІІД «Милиция даңқы» мұражайының жетекшісі отставкадағы ішкі қызмет подполковнигі П. Щедрин саяхатын соғыс жылдары және қызметтік міндетін атқару барысында қаза тапқан қызметкерлердің ескерткішінен бастады, тағылымдамашылар қаза тапқан қызметкерлердің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Онда Кеңес Одағының Батыры В. Афанасьев пен милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің есімдері мәңгілікке жазылған. Аталмыш ескерткіш бүгіндері Қостанай облысының тарихи әрі мәдени нысаны болып табылады. П. Щедрин арнайы алғашқы оқыту курсы тағылымдамашыларын милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің өмір жолымен таныстырды. Милиция генерал-майоры С.

Бәкіровке арналған тақтайшаға фотосуреттері шығарылған және атқарған жұмыстары жөнінде баяндайтын материалдар мен құжаттар да аз емес. 1993 жылғы 31 мамырда милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің есімімен аталған «Дзержинец» лагері бар, ІІМ Еңбегі сіңген қызметкер, Қазақ ССР Еңбегі сіңген заңгер, ҰОС-ның ардагері және Еңбек Ері, Қостанай қаласының Құрметті азаматы, милиция генерал-майоры С. Бәкіровтің құрметіне 2015 жылғы 7 мамырда «Солдаттан генералға дейін» атаумен стенд ашылды.

«Милиция даңқы» мұражай-бөлмесі Қостанай милиция ардагерлерінің бастамасымен құрылған. «Милиция даңқы» мұражайында негізгі және қосымша екі жарым мыңнан астам жәдігер қоры бар, бұл қор заманауи құжаттармен және жәдігерлермен үнемі толықтырылуда. Қостанай милициясы - полициясы қызметкерлерінің жұмысында айшықты із қалдырған адамдар туралы жаңа материалдар пайда болуда.

2011 жылы 22 сәуірде бір зал мұражайдың 40 жылдығына «Қостанай полициясы құқық тәртібі және заңдылық күзетінде» атаумен безендірілді. «Милиция даңқы» мұражайына заманауи дизайн жасалған, көрме аумағы 400 шаршы метр. Мұражайдың екінші көрме залында «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі», «90-жылдар», «2000-жылдар», «Қызмет: күндер мен түндер», «Құқық тәртібі күзетінде», «Әрқашанда қызметте», «Міндет пен абыройдың адамдары», «Мәңгілік есте тұтамыз», «Қостанай облысының ІІБ бастықтары», «КСРО ІІМ еңбек сіңірген қызметкерлері», «Мұражай тарихының белестері» экспозициялары берілген.

Біз, оқытушылар құрамы, взвод жетекшілері, арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашылары өз күш-жігерлерін заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне, қылмысқа қарсы күреске, мемлекетіміздің азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолына жұмсауларың тілейміз. С. Бәкіров аталары сияқты генерал болсын деп тілейміз.

М. ҒАЛИЕВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы
Криминалистика
және арнайы техника
цикльының оқытушысы,
полиция майоры

Өткен өмірімен үлгі боларлық жан!

Біздің көздесуіміздің себепкері қызықты тағдыр мен ержүрек кәсіптердің иесі **Дробышев Александр: сүңгуірші-морьяк, өртке қарсы қызметінің ардагері, спортшы, ақын.**



Оның өмірінде көптеген қызықты да сан алуан оқиғалар болды, алайда тағдыр тарту еткен қиындықтар мен кедергілерге қарамастан ол өзіне, өз ісіне қалтқысыз адал болып қала берді және ештеңеге қарамастан тек қана алға ұмтылуда. Александр Владимировичтің тек қана ақын емес, ақын-спортшы екендігін де айта кеткен жөн, күрес үстіндегі нағыз тартысты сөзбен жеткізе алатындығы мүмкін сондықтан болар. Әр түрлі уақытта оның өлеңдері көптеген кеңестік газеттер мен журналдарда - «Красная звезда», «Советский воин», «Пожарное дело» басылып шығып жатты. Солардың көмегімен автор өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың ауыр еңбегі, олардың батырлығы мен жасаған ерліктері туралы айтып өтеді. Ол осы қатал жандардың арасында қара түнек ішінен жарық та сәулелі нұрды көре алатын қабілеті бар сыршыл жандардың да көп екендігін дәлелдейді. Өлең және проза жазады. Оның қаламы өрт ісіне ертеден қызмет етіп келе жатыр десе де болады. Ол өрт сөндіруші-құтқарушыларға түсінікті және жандарына жақын көптеген шығармалар жазған жан. Қостанай облысы өртке қарсы қызметінің ардагері Александр Дробышевтың өлеңдері республикалық ақындар жинағына кірді. Еліміздің әр облысынан жиналған жүзден аса авторлар, оның ішінде Қостанай облысының атынан бір ақын ұсынылған. Орыс және қазақ тіліндегі 150-ден аса шығармалар. Бұл ҚР ТЖ тарихындағы басылып шыққан бірінші кітап екендігін айта кеткен жөн. Спорттың әр түрі бойынша Халықаралық және Республикалық турнирлер осы кісінің өлеңдерімен ашылды. Қазіргі уақытта Александр Дробышев

зейнеткерлікте және дәрігерлер қойған қант диабеті диагнозына қарамастан ол бар қайратын жинап бір де бір секундын жоғалтпай белсенді түрде жаттығу жасауды жалғастыруда. Жақын арада денсаулығы бірқалыпқа келгеннен кейін ол ресми жарыстарға қатысуды жоспарлап отыр. Оның бір спорты бойынша бірінші разряд нормативін 50 жаста орындағаны таң қалдырмай қоймайды.

Оның қызметі әскери училищеден басталған, онда Александр солдат өмірінің ащысы мен тұщысын көруге жедел қызметтен бір ақ түскен - «Мені Краснознамённый Северный Флотқа шақырды, матрос бушлатын киген маған тағдыр тамаша тарту жасады: ол кәсіби сүңгуір болып алыс теңіз сапарларына шығу еді. Екі жылғы оқу көзді ашып жұмғанша өте шықты. Жұмыс жасайтын флотқа келгенде екі техникалық дипломы бар маған бірден трюм командасының старшинасы лауазымын ұсынды. Тәжірибелік дағдыларымның жетіспеушілігін мен өзімнің қайсарлығыммен толықтырып отырдым: күн демей түн демей су асты қайығының бортында болдым, айлақта тұрған сәтте барлық трюмдар мен

цистерналарды аралап, қай-қайсын да көзбен көріп, қолмен ұстап шықтым; трюм ісінің қыр-сырын білдім!». Бір жылдан соң алыс сапарға барып келгеннен кейін Александр екінші сыныпты маман болып шыға келді. Екі жылдан соң үш автономды сапардан кейін ол әскер ісінің шебері болды.

«Менің күнім таңғысын ерте тұрудан басталады, жұбайым жұмысқа жиналады, қызым мектепке барады, содан кейін мен дәрігерімді қабылдап, таңғы ас ішіп болған соң тынығамын, алайда түскі асқа дейін бір көтеру керектігін де ұмытпаймын. Диванға жатамын да бір көтеруге кірсемін, жатып көтеруімнің себебі сырқатыма байланысты ауыр заттарды тұрып көтеруге болмайтындықтан. 16 кг гүрді күн сайын жартыдан 6 тоннаға дейін көтеру менің күнделікті мақсатыма айналды. Қазіргі таңда менің 60 жасым үшін халықаралық ережелер бойынша жарыс гүрі дәл осы 16 килограмм. Күнделікті жаттығу жасау өте маңызды екенін білген дұрыс, өйткені мен өзімнің денемді әрдайым бірқалыпта ұстап, одан әрі шынықтыра түсемін ғой, тағы да бір жәйт ол бір спортының басқа спорт түрлеріне қарағанда ең аз жарақат салатын түрі» деп айтып өтті спортшы-ақын. Спортшы үшін ең басты қасиеттердің бірі ол мақсатқа ұмтылу және жарысқа деген ынтыңы болуы, жай ғана денені сымбатты етіп оны спорттық қалыпқа келтіру аздық етеді, адамда жаңа белестер мен жеңістерге жетелейтін ол жарыс рухы. Оның шыдамдылығы мен батылдығына көптеген кәсіби спортшылар қызығушылықпен қарай алады, ал болашақ ұрпаққа одан үйренер іс көп деп айтуға болады.

Александр Дробышевтың пәтерінде өте жайлы, жағымды аңуал және ерекше көзге түсетіні медальдардың көптеген коллекциясы, оның бірінші және ең құнды тобы өз пәтерінде, екінші тобы анасында және үшінші тобы достарында, туыс-туғандарында. Александрдың өзі өте отансүйгіш десек те

болады, өзінің жеткен жетістіктерімен және алған асуларымен асып-тасып мақтанбай жай ғана әңгімелеп берді. «1978 жылдан бастап мен өз өлеңдерімді КСРО Қарулы Күштерінің бүкілодақтық «Красная звезда» газетіне және «Советский воин» журналына жібере бастадым. Бір жылдан кейін алыс сапардан оралған ол екінші сыныпты маман атанды. «Екі жылдан кейін, үш автономды сапардан соң мен әскер ісінің шебері атандым! Міне осы жерде менің ойда жоқта өрт сөндіруіме тура келді: шынжырланып бекітілдік, сәлден кейін көршілес су асты қайығында жағадан қор көзінің қабелі жанып жатқандығы белгілі болды. Мен қателеспей өртті дер кезінде сөндірдім. Мені өрт сөндіру ісі арбап алғандай болды, сол сәттен бастап өртті күнде сөндіргім келетіндігін түсіндім. Флотта өрт қауіпсіздігінің талаптары қатаң сақталады. Ақыр соңында мен өрт сөндіруші болу үшін флоттан кеттім!». Оның қызмет туралы және шығармашылық жолы туралы әңгімелерін тыңдап отырып оның көздеріндегі соншалықты мықты және сәулелі куат атқан жалынды оттарды байқамау мүмкін емес еді.

Оның өмір жолы көптеген қиындықтар, кейде тіпті сәтсіз реніштерден өтті. Оның бұндай қиындықтарды жеңудегі құпиясы ешқашан мойымай, тек қана алға адым басу еді. Оның жұбайы адал жарына, ал қызы Дарья сүйікті әкесіне қай уақытта да тірек бола білді. Қазіргі уақытта Александрдың бар күш-жігері тек қана спортқа жұмылдырылған, ол дәрігерлердің оған ресми жарыстарға қашан қатысуға рұқсат ететіндіктерін тағатсыздана күтіп жүр. Сөз соңында осы бір алапат қайсар рух иесіне тез арада сауығып кетуін тілеп, болашақ жарыстарда тек қана жеңіс тілегіміз келеді!

«Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ баспасөз-қызметі

Курсанттарға ерекше ұнады

Өткен наурыз айында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай академиясының 109-шы оқу тобының курсанттары Шырақбек Қабылбаев атамиздың туғанына 109 жыл толуына орай Академияның мұражайына саяхат жасады.

Курсанттарға оқу мекемесінің тарихы, ЖОО қалыптасуында және дамуында үлкен рөл атқарған жетекшілерімен танысты. Сонымен қатар, Академияның жетістіктері, даму болашағы туралы айтылды. Мұражайға келген сәттен-ақ, адамдар өздерін сол тарихи

кезеңдерді елестетіп, тарихи рухын сезінеді. Курсанттар қызығушылықтарын тек қана сұрақтар қою арқылы ғана емес, өз ойларымен бөлісулері арқылы танытты. Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың өмірбаянына шолу жасалды, еңбек қызметіне қатысты құжаттардың көшірмелері, ғылыми еңбектері және т.б. назарларына ұсынылды.

Оқу тобының курсанттары мұражайға барып келгеннен кейін де әсерлері басылмай, өз көңіл-күйлерін білдірді. Осындай шаралардың өткізілгендігі ұнағанын, жан-жақтылықты дамуына әсер ететінін айтты.

Шынымен де, осындай адамдардың ата-бабаларын, даналарын, ғұламаларын ұмытуға жол бермейді. Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаев атамиздың жетістіктері біздің болашақта офицер болатын курсанттардың бойында патриоттық, адамгершілік сезімдері мен қасиеттерін оятып, дамытады.

Әсел ҚОЖАХМЕТ,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев ат.
академияның
109-шы оқу тобының
кураторы
полиция капитаны



«Арманым полиция қызметкері болу» дейді тағылымдамашы Гүлниса Софиева

Рудный қаласы ІІБ Жедел басқару орталығының 102 операторы лауазымына тағылымдамашы Гүлниса Софиева, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығына (Қостанай қ.) арнайы алғашқы оқыту курсының қазақ 1-взводында оқиды.



Гүлниса ілек кезінде өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленді. Сондықтан болашақтағы жас полицей қыз жайлы жазуды ұйғарды.

Гүлнисаның ата - анасы зейнеткер кісілер екен. Бір ұл, екі қызбыз деді. 7 сыныптан бастап би өнеріне қатыстым, спортты да жақсы

көремін. Рудный қаласында №19 қазақ мектебінде 9-шы сыныпты бітірдім, сол кезде ағам маған полиция қызметінің қызықты екендігін айтты. Содан кейін, Қостанай

экономикалық колледжінің құқықтану факультетіне түстім. Колледжді жақсы оқып бітіргеннен кейін, Қостанай мемлекеттік университеті заң факультетінің сырттай курсына түстім. Осы мамандықты таңдағаным өте қуанамын. Оқу орталығында оқыған өте ұнайтынын, өзіне көп қажетті білімді алғанын, барлық пәндердің қызықты екенін де айтты.

Гүлнисаның жан-жақты, білімді қыз екендігіне бәріміз куә болдық.

Сабағына қатысқанда сабақты айтып бергені, оның қазақ тілінде шебер сөйлегені, жинақы, тиянақты, білімді қыз екенін байқадық. Оқу орталығында өткізілген іс-шараларға дайындық кезінде, біраз

қиын тапсырмалар берілгенде, тез орындап, қиналмай, тез дұрыс шешімін таба білді. Гүлнисаның тәрбиелілігі, патриоттылығы, шыдамдылығы тартымдылығы, ақылдылығы, сүйкімділігі ерекше дер едік. Адамдармен тез жақсы араласып кетеді. Жүзінен үнемі күлкіні көресің. Бірнеше мерекелік іс-шараларда қазақ тілінде жүргізетін жүргізушінің міндетін атқарды, сонымен қатар қазақ, өзбек билерін шебер билегенін де тамашаладық. Ұзын, өрілген шашымен би билегенде, бойынан ерекше нәзіктік қасиетті байқайсың. 1-взвод жетекшісі полиция аға лейтенанты Ш. Жиеншенова да Гүлнисаның

жақсы көмекші екендігін айтты.

Гүлнисаның Оқу орталығындағы оқуының аяқталып келе жатқандығын айтып күрсініп те қояды. Ол оқу курсы аяқтады деген сертификатын алғаннан кейін, Ішкі істер органының Жедел басқару полиция қызметіне тағайындалады. Гүлнисаның қызметтегі қиындықтарды оңай жеңіп, өзін тек жақсы жақтарын көрсететініне сенімдіміз. Оған алдағы уақыттағы қызметіне сәттілік тілейміз. Полиция қызметіне осындай жастардың көп келуі біздер үшін үлкен қуаныш.

Г. ДОСТОЯРОВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Оқу орталығы (Қостанай қ.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

Жалпыакадемиялық ашық сабақ

Бүгінде ішкі істер органдары үшін жалпы білімді игерген мамандарды даярлап шығару жеткіліксіз. Ведомстволық білім беру жүйесі курсанттардың белгілі бір білім жинағын игеріп қана қоймай, оның тұлға ретінде дамуына, танымдық және жасампаздық қабілеттерін арттыруға оқыту үрдісін бағдарлап бұрудың қажеттілігін атап көрсетуде, сонымен қатар аналитикалық, сыни ойлауды дамытуы керек.

Болашақ мамандар бастамашылықты және басшылық қасиеттерді, өзінің көзқарасын дәлелдеуге және дұрыс шешім қабылдауға дайын екендігін көрсете білуі керек. Бұл ептіліктер мен дағдыларды курсанттар оқу барысында игеруі керек, ал оқытушылар, өз кезегінде осы ептіліктер мен дағдыларды игеру жетістікті болу үшін барлық жағдайларды жасауы керек.

Осындай оқу үрдісін ұйымдастыруға ішкі істер органдарында әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының

профессорлық-оқытушылық құрамының барлық күш-жігері жұмылдырылған. 2017 жылдың 4 сәуірінде кафедраның аға оқытушысы полиция подполковнигі Конвисарь А.А. жалпыакадемиялық ашық сабақты өткізді. Сабақ сыни ойлауды дамыту технологиясын пайдаланып шағын топтармен жұмыс жасау арқылы ұйымдастырылды, ал бұл, оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын қазіргі талаптарды ескеретін болсақ, өте өзекті және уақытылы болып табылады.

Сыни ойлау мәселені көре білуді, стандартты емес шешімдерді табуға дайындықты, өзінің интеллектуалдық жұмысын реттей білуді, өзінің іс-әрекеттерін талдауды және жіберген қателерді анықтай білуді болжайды.

Сабақ барысында оқытушы курсанттардың оқу, ғылыми және шығармашылық потенциалын ашуға мүмкіндік беретін жағдайды жасады.

Сабақты инновациялық әдіс бойынша өткізу сабаққа қатысқан оқытушылар тарапынан құлтарлық пікірлерді қалыптастырып жақсы

қабылданды, оқытушылардың жалпы санының жартысынан көбі сабаққа қатысты және «жас» оқытушылар аса қызығушылық танытты, олар өздерінің осындай тәжірибені игеруге және оқу үрдісіне енгізуге деген ынтасын жасырмады.

Жолдау мәтініне қайта оралатын болсақ, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның дүние жүзінің аса дамыған елдерінің отыздығына кіру міндетін алдына қойғанын атап өтті. Ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігі туралы жалпы айтатын болсақ, ең алдымен интеллектуалдық құрамдасы туралы сөз болуы керек. Атап айтқанда, сыни ойлауды дамыту технологиясын енгізу және пайдалану пәндерді игерудегі жетістіктерді, дұрыс эмоцияларды, пәнге деген позитивті көзқарасты, осы бағытта дамуға үмтылысты қалыптастырады, осының нәтижесінде интеллектуалды тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік беріледі.

Ішкі істер органдарында әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасы

«Полиция мамандығын неге таңдадым?» эссе конкурсы

2017 жылғы 7 сәуірде кураторлық сағат аясында «Полиция мамандығын неге таңдадым?» тақырыбында шығармалар конкурсы ұйымдастырылды.

Қазақстандық полицияның 25 жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған іс-шарада, курсанттарды патриотизмге, азаматтыққа, ішкі істер органдарының беделі мен маңызын көтеруге үндеп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін де жетілдіру көзделген еді.

Конкурсты өткізбес бұрын оқу тобының кураторы «Қазақстандық полицияның қалыптасу тарихы» тақырыбында дәріс оқыды, соның ішінде ішкі істер органдарының қалыптасу тарихына тоқталып, есімі әйгілі министрлер, нормативтік-құқықтық базаның дайындалуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қиындықтарға ұшырауы

туралы мол мағлұмат берді.

Сауаттылық, өзіндік ойлау қабілеті, тақырыптың толық ашылуы, идея соңылығы, тіл байлығы, жұмыстың шығармашылық сипаты – бағалаудың басты өлшемдері болды.

Конкурстың қорытындысы бойынша сайыста топ жарған 105-ші оқу тобының курсанты Қабдолинов Мейрам болса, екінші орынды Сидорова Владислава иеленіп, үшінші орынға Амангелдиев Нұрғиса шықты.

Конкурстың соңында курсанттар полиция мамандығы – өте қызықты, қиын да күрделі, алайда қажет мамандық екендігін мойындап, ол адамдардың өміріне, қала берді қоғамның жақсаруына ықпал етеді деген тоқтамға келді.

Анна МЕДВЕДЕВА,
105-ші оқу тобының
кураторы,
полиция капитаны

Міндетіне салғырт қараған

Сот залында адам өлтіруге жол берді деп айыпталған мамандандырылған күзет қызметінің бұрынғы қызметкері айыпты деп танылды.

Қостанай облысының Амангелді аудандық соты ҚР ҚК 371-бабы 2-бөлігі (салғырттық) бойынша айыпталған 1983 жылы туған Айтжан Қалқаевқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімін шығарды.

Іс материалдары бойынша, «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» ММ қызметкері Қалқаев ағымдағы жылдың 28 ақпанында сағат 10.00 шамасында неке бұзу бойынша сот отырысына келген тараптарды сот фирмартына кіргізуде қызметтік міндеттеріне салғырт қарап, іс бойынша бір тараптың сот залына жеке куәліксіз кіруіне және жасырын пышақпен өтуіне жол берген. Айыпталушы сотқа келген азаматтық бойын темір іздегіш құралмен тексермеген. Соның салдарынан Бекибаев сот залында жұбайына бірнеше

жерден пышақ салған. Жәбірленуші ауруханаға жеткізілу барысында қайтыс болды.

Қалқаев өз кінәсін толығымен мойындап, прокуратурамен процестік келісімге келген.

Сот үкімімен А.Қалқаев қылмыстық әрекетте айыпты деп танылып, оған ҚР ҚК 63-бабын қолдану арқылы 2 жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Шартты мерзім аралығында оған пробациялық бақылау бекітілді. Сонымен қатар, ол 3 жыл мерзімге мемлекеттік органдарда қызмет істеу құқығынан айырылды.

Енесін өз үйінен қуған...

Қостанайда 87 жастағы енесін өз үйінен қуған келін сот арқылы баспанадан шығарылды.

Қостанай қаласының тұрғыны өзінің жеке баспанасынан көмелеттік жасқа толмаған екі баласы бар келінін шығару туралы шағымымен Қостанай қалалық сотына жүгінген. Баспана 87 жастағы шағым

иесінің атына 2002 жылы тіркелген және ол сол үйде тұрып келген. Өзге баспанасы жоқ. Сот отырысы барысында келіні кейуананы үйге кіргізбейтіндігі, жанжал шығаратындығы және немерелерінің онымен араласпайтындығы анықталды. Сондықтан зейнеткер қызының пәтерін паналауға мәжбүр болған.

Ұлы мен келіні осыдан біраз уақыт бұрын ажырасып, ол үйден кетіп қалған. Ал келіні болса балаларымен енесінің үйінде қалғанымен баспана ауыртпалығын көтермейді, коммуналдық қызмет төлемдерін төлемейді, үйде заңды негізсіз тұрып жатыр.

Көрсетілген жағдайларды ескеріп, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның нормаларына сілеме жасай отырып және шағым иесінің жасын ескеріп, сот зейнеткерді баспананың жеке-дара иесі деп тапты. Сонымен қатар, жауапкерлер тек үй иесінің келісімімен баспанада өмір сүре алады.

Істі қарау нәтижесінде сот жауапкерді балаларымен бірге жылу беру мерзімі біткен соң үйден шығаруға шешім шығарды.

Әскерге шақырылушының құқығын қорғады

Арқалықтың 19 жастағы тұрғыны Елдос Қошқар өткен жылдың қараша айында әскерге шақырылушы ретінде арнайы комиссиядан өту кезінде, ойламаған жерден, бұзақылық жасағаны үшін 2006 жылы қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын білген.

Істің мән-жайын білмек болған жігіт жергілікті халыққа қызмет көрсету орталығына барып, ол жерден бұрын-соңды сотталғандығы туралы анықтама алған. Анықтамада 2006 жылдың 7 қыркүйегінде Арқалық қалалық ішкі істер басқармасы қызметкерлерімен ол ҚР ҚК 257-бабының 1-бөлігі (1997 жылғы редакцияда «бұзақылық») бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған, ал 14 қыркүйекте оңалтусыз негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған.

Алайда, ол кезде 9 жаста болған шағымданушы қылмыстық әрекет жасамағанын біледі. Және де ҚР ҚК-нің 15-бабына сәйкес, аталған бап бойынша қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы қылмыс жасау кезінде тұлға 16 жасқа толуы тиіс.

Аталған қаулы көшірмесін алу үшін қалалық прокуратураға өтініш жасаған жігітке мекемелік нұсқаулық талаптарына сәйкес қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы материал және қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы көшірмесі сақтау мерзімінің өтуіне орай жойылғандығы туралы жауап келген.

Осыдан кейін ол Арқалық қалалық сотына жүгінген. Сот әскери қызмет қатарына өте алмай қалған жігіттің шағымын қанағаттандырды. Сот шағымданушының қылмыстық жауапкершілікке тартылуын заңсыз деп танып, қалалық ішкі істер басқармасы шығарған қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыны жойды.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru